

**Жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және
колледж оқушылары арасында
«Жаңа ұрпақ таңдауы» тақырыбындағы
Республикалық сырттай байқауын өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер «Жаңа ұрпақ таңдауы» тақырыбындағы Республикалық сырттай байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – қоғамдық бірлестіктер модельдері мен көшбасшыларының табысты жұмыс тәжірибелерін анықтау, бағалау және тарату.

Міндеттері:

- өскелең ұрпақ арасында тәрбие жұмыстың маңызын арттыру;
- білім беру ұйымдарында қызмет ету тәжірибесін жүйелеу және өзін-өзі басқару көшбасшылығын дамыту;
- қоғамдық бірлестіктердің оңтайлы дамуының әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын анықтау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 6 сәуірден 19 мамырға дейін** балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы **19 мамырға** дейін spo.rumcdo@mail.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172)249303.

7. 2015 жылғы **19 мамырдан** кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

10. Байқауға қатысу үшін **1000 (бір мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «Жаңа ұрпақ таңдауы» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, spo.rumcdo@mail.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 26 мамырда жүргізіледі.

3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

12. Байқауға ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсаттарына және міндеттеріне сәйкес келуі тиіс.

13. Байқауға жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының және колледждердің 10-17 жас аралығындағы оқушылары қатыса алады:

Кіші жас санаты: 10-11 жас;

Орта жас санаты: 12-14 жас;

Жоғары жас санаты: 15-17 жас

14. Конкурс төмендегі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Біздің өзін-өзі басқару моделіміз» тұсаукесер

а) өзін-өзі басқарудың моделі, құрылымы;

б) өзін-өзі басқару қызметінің негізгі ұстанымдары және бағыттары;

в) өзін-өзі басқару органының негізгі тәсілдерінің, технологияларының, әдістерінің және жұмыс формаларының сипаттамасы;

г) өзін-өзі басқару органының құрылу тарихының және қызметінің фотошежіресі немесе фотомұрағаты.

2) «Мен – көшбасшымын» электронды портфолио

Портфолио көшбасшының жеке үлесі мен жетістіктерінің сипаттамасынан, көшбасшының өзін-өзі басқару органына, кеңесіне, бірлестігіне, парламентіне және т.б. қосқан үлесінен тұруы тиіс.

3) «Біз – әлеуметтік серіктестерміз» тұсаукесер

Таныстырылым түрлі ұйымдармен, мекемелермен, басқа бірлестіктермен әлеуметтік серіктестік туралы материалдардан тұруы тиіс, іске асыру тетіктері мен нақты нәтижелер көрсетілуі тиіс.

15. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

Жұмыстар А4 форматында ұсынылуы тиіс, 14 шрифт, интервал 1, компьютерлік терімнің негізгі ережелерін сақтау керек. Ұсынылатын электронды материалдар көлемі (қосымшасыз) баспа мәтінінің 20 бетінен артпауы тиіс. Қосымшаның көлемі 10 Мб-тан аспауы тиіс. Жұмыстың атауын, конкурсанттың аты-жөні, жасы, білім беру ұйымы, облыс, аудан (қала), ауыл, e-mail көрсетілуі тиіс.

Бөтен материалдарды және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

16. Конкурса ұсынылған жұмыстарды бағалау критерийлері:

- байқаудың тақырыбына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;
- тақырыптың ашылу толымдығы;
- өзін-өзі басқару органы жұмысының нәтижелілігі;
- байқау жұмысының сауатты және эстетикалық рәсімделуі;
- авторлық идеяның бірегейлігі мен жаңалығы;
- жұмысты орындау техникасы.

**4. Байқаудың қорытындысын шығару
және жеңімпаздарды марапаттау**

17. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілерге алғыс хаттардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.